

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы
министрлігіҚазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрінің 2015
жылғы 30 наурыздағы № 4-3/270
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2015 жылы 21
шілдеде № 11711 болып тіркелдіМинистерство сельского хозяйства Республики
Казахстан

**Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін
шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауылшаруашылық,
мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын, сондай-ақ жүріп өту
мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды басқару құқығына емтихандар
қабылдау және куәліктер беру қағидаларын бекіту туралы**

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды
мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы
Заңының 6-бабы 1-тармағының 19) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Тракторларды және олардың базасында жасалған
өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін
ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын, сондай-ақ
жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды басқару құқығына емтихандар
қабылдау және куәліктер беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік
шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық
қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркелуін;



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А. Мамытбеков

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы 19 маусым

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 7 маусым

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

_____ Қ. Қасымов

2015 жылғы 16 маусым

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 30 наурыздағы
№ 4-3/270 бұйрығымен
бекітілген

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды басқару құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 29.10.2018 № 438 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңына сәйкес әзірленді және тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды (бұдан әрі – машиналар) жүргізу құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер берудің тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) емтихан материалдары – емтихан билеттері және (немесе) емтихан тестілері;

2) жергілікті атқарушы орган – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың; ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы;

3) жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналар – ең жоғары конструкциялық жылдамдығы сағатына елу және елу километрден аспайтын квадроциклдер және қаршаналар;

4) қатаң есептегі бланкілер келіп түсуін және жұмсалуды есепке алу кітабы – осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәлік бланкілерінің келіп түсуін және жұмсалуды есепке алуды қамтитын құжат;

5) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша машиналарды жүргізуге тракторист-машинистерді жіберуді растайтын ресми құжат болып табылатын тракторист-машинистің куәлігі;

6) өтініш беруші – осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен емтихан тапсыру және куәлік алу үшін жүгінген тұлға.

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін емтихан пунктері ретінде жергілікті атқарушы органдар түсініледі.

4. Емтихан пунктері теориялық емтиханды қабылдауды, куәлік беруді және айырбастауды, сондай-ақ осы Қағидаларда көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

5. Барлық машиналар түрлеріне, белгіленуіне және оларды жүргізу ерекшеліктеріне байланысты «А», «Б», «В», «Г», «Д» санаттарына бөлінеді, оларды жүргізу құқығына тиісті бағандарында рұқсат белгілері қойылған бірыңғай куәлік беріледі.

6. Куәлік Қазақстан Республикасының барлық аумағында машиналарды жүргізу құқығын береді.

7. «А», «Б», «В», «Г», «Д» бағандарында рұқсат белгілері қойылған куәлігі бар тұлғалар мыналарды:

1) «А» - класы 30 килоНьютонға дейінгі (3,0 тартылыс күші) доңғалақты тракторларды;

2) «Б» - класы 30 килоНьютоннан жоғары (3,0 тартылыс күші) доңғалақты тракторларды;

3) «В» - шынжыр табанды тракторларды;

4) «Г» - өздігінен жүретін ауылшаруашылық машиналарын;

5) «Д» - барлық өздігінен жүретін мелиорациялық машиналарды және жол құрылысы машиналарын, соның ішінде экскаваторларды, мелиорациялық және жол құрылысы машиналары монтаждalған тракторларды жүргізе алады.

Куәлік оларға қосымша жабдықтар монтаждalса немесе олар агрегат құрамында (тіркеме, автопоезд) жұмыс істесе, тиісті санаттағы машиналарды жүргізуге құқық береді.

8. Жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына «ерекше белгілер үшін» деген бағанда «қаршаналар, квадроциклдер жүргізуге рұқсат» деген жазуы бар куәліктер беріледі.

«Ерекше белгілер үшін» деген бағанда «қаршаналар, квадроциклдер жүргізуге рұқсат» деген жазуы бар куәлікті беру, «А» және «В» немесе «Б» және «В» санаттары бар куәлік болған кезде немесе «А» санатты жүргізуші куәлігі болған жағдайда емтихан тапсырусыз жүзеге асырылады.

«Рұқсат берілгені туралы белгі» деген бағанда «қаршаналар, квадроциклдер жүргізуге рұқсат» деген жазуы бар куәліктерді бергенде қиғаш сызығы бар мөртабан қойылады.

9. Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол құрылысы машиналарын және механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына емтихандар қабылдау мен куәліктер беру үшін емтихан материалдарына қосуға арналған сұрақтар осы Қағидаларға 2-1-қосымшада көрсетілген.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 18.03.2016 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Емтихан қабылдау және куәлікті беру тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 29.10.2018 № 438 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Құжаттарды қабылдау жергілікті атқарушы органдардың кеңсесі арқылы, сонымен қатар «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады

«А», «В» және «Г» санатты куәлік алу үшін мынадай құжаттар талап етіледі:

- 1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті санаттар бағдарламасы бойынша оқығаны туралы куәліктің көшірмесі немесе «ауыл шаруашылығын механикаландыру немесе тракторист-машинист» біліктілігін растайтын дипломның көшірмесі;
- 3) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес бекітілген № 086/у нысан бойынша медициналық анықтама.
- 4) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кодексінде (Салық кодексі) белгіленген куәлік бергені үшін мемлекеттік баж төленгені туралы құжат;
- 5) көлемі 3,5х4,5 сантиметр, ақ немесе түрлі-түсті фотосурет;
- 6) ауыл шаруашылығын механикаландыру немесе тракторист-машинист мамандығы бойынша жоғары, техникалық және кәсіптік оқу орындарын (арнайы оқу орындары, орта кәсіптік оқу орындары) бітірген адамдарды қоспағанда, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім беру ұйымының емтихан комиссиясы хаттамасының көшірмесі.

11. «Б» және «Д» санатты куәлікті алу үшін осы Қағидалардың 10-тармағының және 26-тармағы 2) тармақшасының талаптарына сәйкес болуы қажет.

12. Емтихан пунктiнiң жауапты орындаушысы өтiнiш берушiнiң құжаттарын алған сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексередi.

Ұсынылған құжаттардың толық емес фактiлерi анықталған жағдайда емтихан пунктi жауапты орындаушы өтiнiш берушiнiң құжаттарын қабылдаған күннен бастап екi жұмыс күнi iшiнде өтiнiш берушiге өтiнiштi қарастырудан жазбаша түрде дәлелдi бас тартуды жолдайды.

13. Барлық санаттағы машиналарды жүргiзу құқығына емтихан өтiнiш берiлген жұмыс күндерi сағат тоғыздан он алтыға дейiн емтихан пункттерiнде емтихан комиссиялары қабылдайды.

14. Теориялық емтихан қабылдау жөнiндегi емтихан комиссиясы жергiлiктi атқарушы органның ауыл шаруашылығы басқармасы (бөлiмi) басшысының бұйрығымен құрылады және кемiнде үш адамнан тұрады, онда инженер-инспектор комиссия төрағасы болып табылады.

Емтихан комиссиясының құрамына емтихан пунктiнiң қызметкерлерi кiредi, бұл ретте емтихан комиссиясының құрамына емтихан тапсыратын топты даярлауды жүзеге асырған арнайы пәндер оқытушылары мен өндiрiстiк оқу шеберлерi кiрмейдi.

15. Емтихан тапсыруға осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетiлген құжаттардың толық топтамасын ұсынған адамдар жiберiледi.

16. Емтихан тапсыруға жiберу және куәлiк беру азаматтардың тұрақты тiркелген тұрғылықты жерi немесе уақытша келген жерi (уақытша тiркелген жағдайда) бойынша, сондай-ақ шетел азаматтарының келген жерiндегi iшкi iстер органдарында тiркелуi бойынша жүзеге асырылады.

17. Емтихан компьютерлiк кешендi немесе он сұрақты қамтитын емтихан материалдарын пайдалану арқылы қабылданады, бұл ретте емтихан парағында тракторист-машинистiкке кандидат емтихан тапсыру күнiн, билет нөмiрiн және сұрақтарға жауап беру нөмiрлерiн жазады. Барлық сұрақтарға жауап беру үшiн тракторист-машинистiкке кандидатқа отыз минут берiледi.

Жауаптардың дұрыстығын компьютерлiк кешен бередi немесе емтихан қабылдаушы тексередi.

«ТАПСЫРДЫ» деген қорытынды баға кем дегенде сегіз сұраққа дұрыс жауап берген кезде қойылады, ал керісінше жағдайда «ТАПСЫРМАДЫ» деген баға қойылады.

«ТАПСЫРМАДЫ» деген теріс баға алған жағдайда қайта емтихан қабылдау алдыңғы емтиханды тапсырған күннен бастап күнтізбелік бес күннен ерте емес мерзімде жүзеге асырылады.

Емтихан Жолда жүру ережелерін және оқу бағдарламаларында көзделген машиналарды пайдалану қауіпсіздігіне қатысты басқа да пәндер бойынша білімдерін тексеру мақсатында жүргізіледі.

Емтихан тапсыру нәтижелері осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша емтихан парағына енгізіледі және оған өтініш беруші мен емтихан комиссиясы қол қояды.

18. Емтихан тапсырған тұлғаларға емтихан парағының және 10-тармақта көрсетілген құжаттардың негізінде куәлік беріледі.

19. Берілген куәліктердің сериялары мен нөмірлері өсу тәртібімен осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәліктерді беру кітабына жазылады.

20. Куәліктерді толтыру қолмен немесе дербес компьютерлерде жүргізіледі.

21. Куәліктің берілу негізділігі және дұрыс толтырылуы емтихан комиссиясының төрағасы тексергеннен кейін оның қолымен және мөрмен растайды.

22. Куәлік он жыл мерзімге беріледі (ол туралы «....дейін жарамды» бағандарында тиісті жазу жазылады), ол мерзім аяқталғаннан кейін осы Қағидалармен белгіленген тәртіпте айырбастауға жатады.

23. Медициналық комиссия қайта куәландыру мерзіміне шектеу қойған адамдарға куәлік берген кезде «Ерекше белгілер үшін» бағанына «Медициналық анықтама міндетті» деген белгі қойылады.

24. Оларды жүргізуге куәліктер берілетін машиналар санаттарының бағандарына «Рұқсат етілді» деген мөртабан қойылады. Жүргізуге рұқсат берілмеген басқа машиналар санаттарының бағандарына қиғаш сызығы бар мөртабан қойылады.

25. Басқа санатты машиналарды жүргізуге рұқсат алған кезде жаңа куәлік беріліп, оған тракторист-машинистің бұрынғы куәлігіндегі бар белгілері қойылады.

Куәлік беруді емтихан пунктiнiң жауапты орындаушысы өтiнiш берушiнiң құжаттарын қабылдаған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Куәліктер иелеріне куәліктер беру кітабына жеке қолын қоюы арқылы жеке куәлігін не оны алмастыратын құжатын көрсеткенде беріледі.

26. Машиналарды жүргізу құқығы мыналарға:

1) он жеті жасқа толған адамдарға - «А», «В» және «Г» санатты көлік құралдарын жүргізуге;

2) он сегіз жасқа толған адамдарға - «А», «В» және «Г» санатты көлік құралдарын жүргізу өтілі алты айдан кем болмаған жағдайда «Б» және «Д» санатты машиналарды жүргізу құқығын қосымша алуға рұқсат береді.

27. «Б» және (немесе) «Д» санаты «А», «В» және «Г» бағандарында рұқсат ету белгісі мен куәлігі бар (тиісті машиналарда жалпы жұмыс өтілі алты айдан кем емес) және емтихан пунктінде теориялық емтихан тапсырған тракторист-машинистің куәлігі беріледі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген құжаттардың кез келгені жұмыс өтілін растайтын құжат бола алады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 18.03.2016 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. «Ерекше белгілер үшін» бағанында «қаршаналар, квадроциклдер жүргізуге рұқсат» деген жазуы бар куәліктерді алу үшін емтихан пунктiне мынадай құжаттар ұсынылады:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтiнiш;

2) рұқсат етілген «А» және «В» немесе «Б» және «В» санаттары бар куәліктің түпнұсқасы және көшірмесі немесе рұқсат етілген «А», немесе «А1», немесе «В1» санатты бар жүргізуші куәлігі;

3) тракторист-машинистің куәлігі беру үшін мемлекеттік баждың төлегені туралы түбіртек;

4) көлемі 3,5х4,5 сантиметр, ақ немесе түрлі-түсті фотосурет.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбау бас тартуға негіз болып табылады.

3-тарау. Тракторист-машинистің куәлігін ауыстыру (айырбастау) тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 29.10.2018 № 438 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Тракторист-машинистің куәлікті ауыстыру (айырбастау) емтихан пункті құжаттарды қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде және дипломның көшірмесі мен оқуды бітіргені туралы куәлікті және емтихан комиссиясының хаттамасының көшірмесін қоспағанда, осы Қағидалардың 10 және 27-тармақтарында көрсетілген талаптардың негізінде жүргізіледі.

Емтихан пунктінің жауапты орындаушысы өтініш берушінің құжаттарын алған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық емес фактісі анықталған жағдайда емтихан қабылдау пункті өтініш берушіге өтінішті қарастырудан жазбаша түрде дәлелді бас тартуды жолдайды.

Емтихан пункті өтініш берушіден құжаттарды алған күннен бастап бір жұмыс күні өткеннен кейін және емтихан пунктінің өтінішті қарастырудан жазбаша түрде дәлелді бас тартуы болмаған кезде, құжаттар қабылданды деп есептеледі.

30. Ескі үлгідегі куәлікті ауыстырған (айырбастаған) кезде жаңа куәлікке мынадай тәртіпті есепке ала отырып, рұқсат ету санаттары көшіріледі және қойылады:

1) ескі үлгідегі тракторист-машинист куәлігіндегі «А», «Б», «В», «Г», «Д», «Е» санаттары жаңа куәліктегі «А», «Б», «В», «Г», «Д» санаттарына сәйкес келеді;

2) 3-класты тракторист-машинист куәлігі жаңа үлгідегі «А», «В», «Г» санатты куәлігіне сәйкес келеді;

3) 2-класты тракторист-машинист куәлігі жаңа үлгідегі «А», «Б», «В», «Г» санатты куәлігіне сәйкес келеді;

4) 1-класты тракторист-машинист куәлігі жаңа үлгідегі «А», «Б», «В», «Г», «Д» санатты куәлігіне сәйкес келеді;

5) К-701 «Кировец» тракторист-машинист куәлігі жаңа үлгідегі «Б» санатты куәлігіне сәйкес келеді;

6) «комбайыншы» мамандығы көрсетілген ауыл шаруашылығы механизаторының куәлігі жаңа үлгідегі «Г» санатты куәлігіне сәйкес келеді;

7) «тракторшы» мамандығы көрсетілген ауыл шаруашылығы механизаторының куәлігі жаңа үлгідегі «А», «В» санатты куәлігіне сәйкес келеді.

Осы Қағидалардың осы тармағында санаттары қарастырылмаған ескі үлгідегі куәліктерді айырбастауға ұсынған кезде жаңа үлгідегі куәліктердің тек тиісті сипатталған санаттарын көшірумен және қоюмен жүзеге асырылады.

31. Куәлікті ауыстырған (айырбастаған) кезде жаңадан берілген куәліктің «Ерекше белгілер үшін» деген бағанына бұрынғы куәліктің сериясы, нөмірі және берілген күні жазылады.

32. Куәлік жоғалған кезде «Телнұсқа» деген белгімен жаңа куәлік беріледі:

1) тұрғылықты жері бойынша тіркелген тұлғаларға осы Қағидалардың 10-тармағының 6) тармақшасын қоспағанда, 10-тармағында көрсетілген құжаттардың және ішкі істер органдарынан сот шешімінің негізінде әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін алынған куәліктердің арасында жоқ екендігі туралы анықтама негізінде өтініш берушінің құжаттарын қабылдаған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде;

2) өтініш берушіге өтініш берген орны бойынша куәлік берілгені туралы мәлімет болмаған жағдайда, куәлік берген емтихан пунктінің куәліктер беру

кітабындағы жазулар негізінде осы Қағидалардың 10-тармағының талаптарын 2) және 6) тармақшаларын қоспағанда сақтай отырып, құжаттарды қабылдаған сәттен бастап он бес жұмыс күні ішінде.

Куәлік беру кітабындағы жазбаларды нақтылауды куәлік берген емтихан пунктіне сұрау салу арқылы өтініш берушінің өтініші бойынша емтихан қабылдау пункті жүзеге асырады.

Куәліктің телнұсқасы өтініште міндетті түрде ауыстыру себептері көрсетілген кезде беріледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ішкі істер органдары куәлікті алып қойғаны немесе сот шешімінің негізінде айырылғаны анықталған, сондай-ақ осы Қағидалардың 34-тармағында көрсетілген құжаттар болмаған жағдайларда телнұсқа беру жүргізілмейді, ол туралы жазбаша дәлелді бас тарту ұсынылады.

33. Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың куәліктерін айырбастау емтихан пунктіне куәліктердің түпнұсқасы мен оның мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде расталған аудармасын, ішкі істер органдарында тіркелген жеке басты куәландыратын құжаттарды (паспорттары, жеке куәліктері) (түпнұсқа салыстырып тексерілгеннен кейін қайтарылады) ұсыну негізінде, медициналық куәландырудан өткеннен кейін тракторист-машинист куәлігін беру үшін мемлекеттік бажды төлегеннен және теориялық емтихандарды тапсырғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Бұл ретте тракторист-машинистің ұлттық куәлігінде рұқсат берілген машиналардың санаттарын жүргізуге құқық беретін және келу құжаттарының қолданылу мерзімінде осы Қағидалардың 7-тармағындағы талаптарға сәйкес келетін куәлік беріледі. Тракторист-машинистің ұлттық куәлігі емтихан пунктінде сақталады және иесінің өтініші бойынша бұрын берілген Қазақстан Республикасының куәлігін тапсырғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде қайтарылып беріледі.

34. Шетел азаматтарында және азаматтығы жоқ адамдарда тракторист-машинистің ұлттық куәлігі болмаған жағдайда, олардың Қазақстан Республикасында болу мерзімі алты айдан асатын болса, Қазақстан Республикасының куәлігі жалпы негіздерде беріледі.

35. Шетел азаматтарына, азаматтығы жоқ адамдарға және мемлекеттік тілді немесе орыс тілін меңгермеген тұлғаларға теориялық емтиханды білікті

аудармашылардың қатысуымен тапсыруға рұқсат беріледі, олар туралы мәліметтер де емтихан комиссиясының хаттамасына енгізіледі. Бұл ретте емтиханды қабылдау ауызша әңгімелесу әдісімен жүзеге асырылады және емтихан тапсырудың уақытына шек қойылмайды.

4-тарау. Қорытынды ереже

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 29.10.2018 № 438 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Бланкілер келіп түсуін және жұмсалуды есепке алу кітабына қатаң есептілікті сақтау үшін куәліктер бланкілерінің келіп түсуі және жұмсалу есебі жазылады.

37. Емтихан пункттерін куәлік бланкілерімен қамтамасыз етуді жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

Куәліктердің бланкілері мен жұмсалатын материалдардың болуын қатаң есептегі құжаттар ретінде осы Қағидаларға сәйкес емтихан пункттері қамтамасыз етеді.

38. Толтыру кезінде бүлінген бланкілер, куәліктерді беруге және айырбастауға негіз болған шығыс материалдары қайта пайдалану мүмкіндігін жоққа шығаратын құралдармен және тәсілдермен жыл сайын жойылады, ол туралы тиісті актілер жасалады. Дәл осындай тәртіппен мыналар жойылады:

- 1) орнына жаңасы берілген жоғалып табылған куәліктер;
- 2) құқығынан айырғаннан кейін екі жыл ішінде иесі келіп алмаған куәліктер, ол туралы куәліктерді беру кітабында белгі қойылады.

39. Куәліктер беруге және ауыстыруға негіз болған материалдар (өтініштер, ескі куәліктер, алымдардың төленгені туралы түбіртектер, оқу туралы куәліктердің көшірмелері), сондай-ақ оқу топтарының тізімдері жеке іске тігіліп, белгіленген тәртіппен емтихан пункттерінде үш жылға дейін сақталады және осы мерзім аяқталғаннан кейін комиссиялық түрде жойылады. Сондай-ақ емтихан пункттері оқу орындарындағы емтихан комиссияларының хаттамаларының және

емтихан пункттерінің емтихан парақтарының он жыл, тракторист-машинист куәліктерін беру кітабы аяқталғаннан кейін оларды алпыс жыл сақтауды қамтамасыз етеді. Орнына жаңасы берілген куәліктер, оларға «Күшін жойды» деген мөртабан қойылып, іске тігіледі.

40. Заңнамамен белгіленген тәртіппен машина жүргізу құқығынан айырылған тұлғалардың куәліктері иелері тұратын аумаққа қызмет көрсететін емтихан пункттеріне тапсырылады.

41. Медициналық анықтама куәліктер берілген кезде иелеріне қайтарылады.

Тракторларды және олардың базасында
жасалған өздігінен жүретін шассилер мен
механизмдерді, өздігінен жүретін
ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-
құрылыс машиналарын, сондай-ақ жүріп өту
мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу
құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер
беру қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Қатаң есептегі бланкілер
келіп түсуін және жұмсалуды есепке алу кітабы

Кіріс						Шығыс						Қалдық	
1	2	3	4	5.1	5.2	6	7	8	9	10.1	10.2	11	
1 - Түскен күні													
2 - Жүкқұжат №													
3 - Кімнен алынды													
4 - Сериясы													
5.1.- Нөмірлеудің №: басталғаны													
5.2. - №-ге дейін қоса алғанда нөмірлеу													
6 - Саны													
7 – Жұмсалған күні													
8 - Кімге берілді													
9 - Сериясы													
10.1 - Нөмірлеудің №: басталғаны													
10.2 - № - ге дейін қоса алғанда нөмірлеу													
11 - Саны													

Ескертпе. Белгілер мен бланкілердің әрбір түріне кітапта жеке бөлім беріледі

Тракторларды және олардың базасында
жасалған өздігінен жүретін шассилер мен
механизмдерді, өздігінен жүретін
ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-
құрылыс машиналарын, сондай-ақ жүріп өту
мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу
құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер
беру қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Тракторист-машинист
куәлігі

Тегі _____
Аты _____
Әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____
Туған күні және жері _____
Сериясы және нөмірі _____ берді

(жергілікті атқарушы орган)

Көлемі
3,5х4,5

сурет орны

« » _____ 20 _____ жылдан « » _____ 20 _____ жылға дейін жарамды

(комиссия төрағасының Т.А.Ә.)

(куәлік иесінің қолы)

Ауылшаруашылық тракторлары мен өздігінен жүретін машиналардың санаттары	Рұқсат берілгені туралы белгі
«А» - класы 30 кН дейінгі (3,0 тк) доңғалақты тракторлар; «Б» - класы 30 кН жоғары (3,0 тк) доңғалақты тракторлар; «В» - шынжыр табанды тракторлар; «Г» - өздігінен жүретін ауылшаруашылық машиналары; «Д» - өздігінен жүретін мелиорациялық және жолқұрылыс машиналары, оның ішінде экскаваторлар, мелиорациялық және жолқұрылыс машиналары монтаждalған тракторлар Ерекше бегілер үшін	

Қазақстан Республикасы

Тракторларды және олардың базасында
жасалған өздігінен жүретін шассилер
мен механизмдерді, өздігінен жүретін
ауылшаруашылық, мелиорациялық және
жол-құрылыс машиналарын, сондай-ақ
жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы
машиналарды басқару құқығына
емтихандар қабылдау және куәліктер
беру қағидаларына
2-1-қосымша

*Ескерту. Қағида 2-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ауыл
шаруашылығы министрінің м.а. 18.03.2016 № 120 (алғашқы ресми жарияланған
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

**Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін
шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы,
мелиорациялық және жол құрылысы машиналарын және механизмдерін,
сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу
құқығына емтихандар қабылдау мен куәліктер беру үшін емтихан
материалдарына қосуға арналған сұрақтар**

1. Трактордың қай механизмі трактордың тарту күшін көбейтуге және ауыл шаруашылығы машиналарының тарту кедергісін азайтуға көмектеседі?
2. Машиналарды мұздақта тіркеп сүйретуге бола ма?
3. Тракторға № 1 техникалық қызмет көрсету мерзімділігі қандай?
4. Шлагбаум немесе бағдаршам болмағанда поезд жақындаған кезде темір жол өткелінде ең жақын рельстен қандай қашықтықта тоқтау керек?
5. А-41 қозғалтқышының салқындатқыш сұйықтығының рұқсат етілген ең жоғары жұмыс температурасы қандай?
6. Адамдарды трактордың тіркемелерінде тасымалдауға бола ма?
7. Қандай себептен машинаның ілінісу жалғастырғышы тығылып қалады?
8. Елді мекендерде көлік құралдарына теміржол өткелінен қандай қашықтықтан жақын тоқтауға тыйым салынады?

9. Қосу қозғалтқышын тұтандырудың озу бұрышы (жоғарғы өлі нүктеге дейін) қандай болуы тиіс?

10. Техникалық байқау жүргізгенде қозғалмалы шамдарда қандай кернеуді пайдалануға рұқсат етіледі?

11. Мотосағатпен есептегенде комбайндарға № 1 техникалық байқау жүргізу мерзімділігі қандай?

12. Мотосағатпен есептегенде ДТ-75 тракторына № 3 техникалық байқау жүргізу мерзімділігі қандай?

13. Қысқы уақытта құю үшін жанармайдың жазғы сортын техникалық жермаймен қандай үйлесімділікте араластыруға болады?

14. Қиылыстан қандай ең аз қашықтықта бұрылысқа рұқсат етіледі?

15. Реттегіш МТЗ-80 тракторы мен тіркемесінің тежеуіш жетегінің пневматикалық жүйесінде қандай атаулы қысымды ұстап тұрады ?

16. Берілісі қосылған комбайнды тіркеп сүйретуге рұқсат етіле ме?

17. Трактор құралының қандай ең жоғары биіктігімен жол-патрульдік полицияның келісімінсіз жүруге рұқсат етіледі?

18. Салқын А-41 қозғылтқышының клапандары мен күйентесі арасында қандай саңылау болу тиіс?

19. Бастыру аппаратының бітелуін қалай жоюға болады?

20. Агрегаттың ең биік нүктесі мен төменгі сым арасындағы қандай ең көп қашықтықта электржелісінің астынан өтуге рұқсат етіледі?

21. Қандай цистерна аударылуға қарсы орнықтылау?

22. А-41 қозғалтқышының поршень сақиналары кокстелгенде қандай түтіндеу түсі байқалады?

23. Қозғалтқыш центрифугасының форсункасы өздігінен бұралып шықса не байқалады?

24. Трактор құралының қандай ең көп енімен (жүкпен, жүксіз) жол-патрульдік полицияның келісімінсіз жүруге рұқсат етіледі?

25. «Енисей» комбайнының ілініс жалғастырғышының қысу подшипнигі мен иінтіректері арасында қандай саңылау болу тиіс?

26. Шынжыр табанды тежеуіштердің жалғағыштарды басқару иінтіректерінің атаулы еркін жүрісін және тежеуіш басқыштарының жүрісін техникалық байқаудың қандай мерзімділігімен реттейді?

27. Масақтардың шөмелеуіштің топанына түсуі себебін атаңыз.

28. Т-4 тракторында аралық берілістің тежеуіші не үшін орнатылған?

29. Теміржол өткелінен қандай берілісте өтуге болады?

30. Реттелмейтін қиылыстардан өткенде қандай жолды басты деп есептеу қажет?

31. Шынжыр табанды тексеру жүргізу және қажет болса тартылысын реттеу мерзімділігін атаңыз.

32. Д-240 қозғалтқышының әр цилиндрі үшін жанармай берілуінің озу бұрышын реттеу қалай жүзеге асырылады?

33. Қатты тіркеуішпен тіркеп сүйреген кезде байланыс буынының қандай ең көп ұзындығына рұқсат етіледі?

34. Мотосағатпен есептегенде СК-5 комбайнына № 2 техникалық байқау жүргізу мерзімділігі қандай?

35. Тік құламада қарсы кездескенде кім жол беру керек?

36. Қай себептен стартердің релесі іркіліспен істейді (қосылады және сөнеді)?

37. Тәуліктің қараңғы кезінде жолдың жарық учаскелерінде тоқтаған немесе тұрған кезде жүргізуші не істеуге міндетті?

38. «Енисей» комбайнының қозғалтқышында форсунканың жанармай бұрқының бастапқы қысымы қандай болуы тиіс?

39. Комбайн дестелегішінің кесу биіктігі немен реттеледі?

40. Тұрақты тіркеу орнынан кеткен кезде механикалық көлік құралы тиісті орнына барған соң қандай мерзімге уақытша тіркелуі тиіс?

41. Қандай себеппен дизель қозғалтқышы толық қуатын өсіре алмайды?

42. МТЗ-80 тракторының тұтқасын қиын басқаруға не әсер етеді?

43. Қиылыста қозғалыс бағытын өзгертетін басты жолда озуға рұқсат етіле ме?

-
44. Қоршаған ортаның қай температурасынан күзгі-қысқы кезеңге көшеді?
45. Комбайнның жүріс бөлігінің жетегі вариаторының жұмыс тәртібін немен өзгертеді?
46. Не себептен ауыл шаруашылығы құралы трактордың аспасымен және гидравликалық жүйесімен көліктік жағдайда ұсталынбайды?
47. Тіркемелерде және сүйретпелі көлік құралдарында сыртқы шамдар қандай жағдайларда қосылуы тиіс?
48. Жазғы кезеңде аккумулятор банкаларындағы қандай кернеуде аккумуляторды зарядтау қажет етіледі?
49. Тежеуіш басқыштарының үлкен жүрісіне не себеп болып табылады?
50. ДТ-75М тракторының шынжыр табанының салбырау жебесі қандай болуы тиіс?
51. ДТ-75М тракторының іске қосу қозғалтқышының тұтандыру білтесінің электродтары арасындағы саңылауды тексеру қандай техникалық байқау мерзімділігімен жүзеге асырылады?
52. Қандай жолдарда кері жүріспен қозғалуға тыйым салынады?
53. Пластиналардың жоғарғы жиегі бойынша аккумулятордағы электролиттің деңгейі қандай болуы тиіс?
54. Комбайнның бастыру аппаратының жұмыс сапасы қайда тексеріледі?
55. Шынжыр табанды трактордың қозғалысы кезінде өлшенген бұрылу жалғастырғыштарын басқару иінтіректерінің бос жүрісі қандай болуы тиіс?
56. Тракторда гидроаккумулятор не үшін орнатылған?
57. «Енисей» комбайны шөмелеуішінің артқы клапаны хабаршысының қандай қажеттілігі бар?
58. Қозғалтқыш қандай себептен кенеттен тоқтауы мүмкін?
59. Д-65М қозғалтқышының майлау жүйесі магистралінде қалыпты май қысымы көрсеткіші қандай болуы тиіс?
60. Комбайнның жоғары елегін ұзартқыш не үшін қажет?
61. Кері жүріспен қозғалу кезінде жүргізуші не істеуге міндетті?

62. МТЗ-80 тракторындағы ілінісу жалғастырғышы басқышының қалыпты бос жүрісі қандай болуы тиіс?

63. Комбайнның жүріс бөлігінің ілінісу жалғастырғышының тығылып қалу себебін атаңыз.

64. 30°C температурада аккумуляторда электролиттің атаулы тығыздығы қандай болуы тиіс?

65. Жолда жүруді жеке үйрету кезінде механикалық көлік құралында жолаушылар бола алады ма?

66. Қосу қозғалтқышын тұтандырудың атаулы озу бұрышы қандай болуы тиіс?

67. Қандай жағдайда жаңбыр немесе қар жауып тұрған кезде көлік құралының қозғалысына тыйым салынады?

68. Істеп тұрған қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының рұқсат етілген температурасы қандай?

69. Қандай жағдайда жылдамдығы 40 км/сағ аспайтын көлік құралымен ең шеткі сол жақ жолақтан тыс шығуға рұқсат етіледі?

70. А-41 қозғалтқышы форсункасының күші айқасып қалғанда қандай түтіндеу түсі байқалады?

71. А-41 қозғалтқышы поршеньдерінің сақиналары коксталғанда түтіндеу түсі қандай болады?

72. Жай тракторлар үшін жұмыс учаскелерінің рұқсат етілген тіктігі қандай?

73. Қосу қозғалтқышы не себептен іске қосылмайды?

74. Т-150 тракторының шынжыр табан тізбегінің атаулы салбырауы қандай болуы тиіс?

75. Тракторда аралық беріліс тежеуіші не үшін орнатылған?

76. ДТ-75М қосу қозғалтқышын тұтандырудың озу бұрышы (жоғарғы өлі нүктеге дейін) қандай болуы тиіс?

77. Тәуліктің қараңғы кезінде жанбайтын (бұзылғандықтан) фаралармен және артқы сыртқы шамдармен көлік құралы қозғалысына рұқсат етіледі ме?

78. Тұрғын үй аймақтарында көлік құралы қозғалысына рұқсат етіледі ме?

-
79. Теміржол өткелі алдында бұрылуға рұқсат етіледі ме?
80. Қандай жағдайларда көлік құралын пайдалануға тыйым салынады?
81. Мотосағатпен есептегенде комбайнға № 1 техникалық байқау жүргізу мерзімділігі қандай?
82. 4-5 кгк күшпен басқан кезде РКС-6 өздігінен жүретін тамыр-түйнек жинағыш машинасының бойлық тасымалдағышының шынжырлы жетегінің және тиеу тасымалдағышының екінші шынжырлы жетегінің жұмыс тармағының иілуі қандай болуы тиіс?
83. СМД-18К қозғалтқыштағы ілінісу жалғастырғышының қысымдау подшипнигінің майлануын қандай техникалық байқау мерзімділігімен жүргізу қажет?
84. Қосылған берілісте комбайндарды тіркеп сүйретуге болады ма?
85. Бастыру аппаратының бітелуін қалай жоюға болады?
86. Қалбағайдың тез көтерілуі мен түсуі не себептен болады?
87. Мотосағатпен есептегенде СК-5 комбайнына № 2 техникалық байқау жүргізу мерзімділігі қандай?
88. 4-5 кгк күшпен басқан кезде РКС-6 өздігінен жүретін тамыр-түйнек жинағыш машинасының тамырбөлгіштерінің және қазатын айырларының шынжырлы жетегінің жұмыс тармағының қалыпты иілуі қандай болуы тиіс?
89. Дестелегіш тұрқымен танаптың көшірмесін жасау үшін теңдестіретін серіппелерді тарту арқылы дестелегіштің алдыңғы діңгегінің шеттерінде қандай шекке дейін қысым жасайды?
90. СК-5 комбайны жұмыс істегенде және оны тасымалдағанда ең көп рұқсат етілген еңіс қандай?
91. Е-303 өздігінен жүретін жаныштағыш-шөп шапқыштың күйенте шеттері мен клапандар өзектерінің бүйірлері арасындағы саңылау қандай мерзімділікпен тексеріледі және қажет болса реттеледі?
92. СК-5 комбайны жұмыс істегенде және оны тасымалдағанда ең көп рұқсат етілген еңіс қандай?
93. Мотосағатпен есептегенде «Енисей» комбайнына № 1 техникалық қызмет көрсету мерзімділігі қандай?

94. Е-281С жемшөп жинағыш комбайнының ауа сүзгісінің май күбішесіне қандай жағдайда үстемелеп май құю қажет?

95. СК-5 комбайнының қалқымалы тасымалдағышы тармағының тақтайшалары арасында жетектегі білік пен камера түбі аумағында саңылау қандай болуы тиіс?

96. Бұрылыстар мен айналымдарда СК-5 комбайнының жылдамдығын қай шекке дейін азайту қажет?

97. Е-281С жемшөп жинағыш комбайнының тежеуіш басқышының бос жүрісі қандай шектерде болуы тиіс?

98. Не себептен трактордың гидробағында көбік пайда болады?

99. Мотосағатпен есептегенде СК-5 комбайнына № 1 техникалық байқау жүргізу мерзімділігі қандай?

100. РКС-6 өздігінен жүретін тамыр-түйнек жинағыш машинасының алдыңғы дөңгелектерінің қиылысу шамасы қандай болуы тиіс?

101. Қозғалтқыш ластанған ауа тазартқышпен жұмыс істегенде қандай түтіндеу түсі байқалады?

102. Жүріп келе жатқан көлікті түнгі уақытта комбайнмен озуға бола ма?

103. Не себептен «Енисей» комбайнының берілістер қорабы шумен қосылады?

104. Д-240 қозғалтқышының цилиндрлік-поршеньдік тобының техникалық ахуалын тексергенде картерге өтетін газдардың көлемі қандай болуы тиіс?

105. Мотосағатпен есептегенде РКС-6 комбайнына № 1 техникалық байқау жүргізу мерзімділігі қандай?

106. 4-5 кгк күшпен басқан кезде РКС-6 өздігінен жүретін тамыр-түйнек жинағыш машинасының иірмекті тасымалдағыш-тазалағышының шынжыр жетегінің жұмысшы тармағының иілуі қандай болуы тиіс?

107. Е-281С жемшөп жинағыш комбайнын жыл сайынғы техникалық байқау кезінде қандай операциялар жүргізіледі?

108. Бойлық және көлденең шалғы жолдарының ені қандайдан аз болғанда егін орағын бастауға үзілді-кесілді тыйым салынады?

109. Өздігінен жүретін комбайндарда үйкеліс жалғастырғыштарының тығылып қалу сәтін бақылауға мүмкіндік беретін құралдар болмаса, орамдарының жанасуына дейін қысатын серіппелердің тарту болтарының гайкалары неше айналымға босатылады?

110. Е-303 өздігінен жүретін жаныштағыш-шөп шапқышты қозғалтқышы форсункасының жанармайды бүркудің бастапқы қысымы қандай болуы тиіс?

111. Мотосағатпен есептегенде комбайндарда № 2 техникалық байқау жүргізу мерзімділігі қандай?

112. 4-5 кгк күшпен басқан кезде РКС-6 өздігінен жүретін тамыр-түйнек жинағыш машинасының бойлық және тиегіш тасымалдағышының шынжыр жетегінің жұмысшы тармағының иілуі қандай болуы тиіс?

113. Қозғалтқыш картерінде май көп болса қандай түтіндеу түсі байқалады?

114. Колоннада қозғалғанда комбайндар арасындағы қашықтық қандай болуы тиіс?

115. СК-5 комбайнының тежеуіш басқышының үлкен жүрісінің (еденге тірелгенше) себебі не?

116. ПД-10У магнето қосу қозғалтқышы үзгішінің түйіспелері арасында қандай саңылау болуы тиіс?

117. Сағатпен есептегенде Е-281С жемшөп жинағыш комбайнында № 2 техникалық байқау жүргізу мерзімділігі қандай?

118. Е-281С жемшөп жинағыш комбайнының бағыттағыш дөңгелектерінің қиылысу шамасы қандай болуы тиіс?

119. Не себептен «Енисей» комбайны жұмыс істеп тұрған кезде дестелегіштің баяу көтерілуі байқалады?

120. СК-5 комбайны жұмыс істегенде және оны тасымалдағанда ең көп рұқсат етілген еңіс қандай?

121. СК-5 комбайнын сақтаған кезде ай сайын беріліс қорабымен қандай әрекеттер жасау қажет?

122. СМД-18К қозғалтқышының ауа тазартқышында мановакуумметриялық аспаппен тексерілетін шекті сиретілу шамасы қандай болуы тиіс ?

123. Мотосағатпен есептегенде СК-5 комбайнына № 2 техникалық байқау жүргізу мерзімділігі қандай?

124. Сабақтары 80 см-ден биік тік тұратын дақылдарды жинау кезінде қалбағай тақтайшасы сабақтар басынан қандай қашықтықта сабақтарға жанасуы тиіс?

125. СК-5 комбайнында дестелегіш жетегі белдігінің керілуін немен реттейді?

126. Е-303 өздігінен жүретін жаныштағыш-шөп шапқыштың ең жоғары рұқсат етілген жолмен жүру жылдамдығы қандай?

127. РКС-6 өздігінен жүретін тамыр-түйнек жинағыш машинасының ұру білігіне сақтандырғыш жалғастырғышпен берілетін айналдыру моментінің шамасы қандай болуы тиіс?

128. СК-5 комбайндағы жақтардың біріне дөңгелектердің қиын бұрылу себебін көрсетіңіз?

130. Мотосағатпен есептегенде СК-5 комбайнын № 2 техникалық байқаудан өткізу кезеңділігі қандай?

131. Жану камерасына май түскенде жұмыс істеп тұрған қозғалтқыштың қандай түсті түтіні байқалады?

132. Қандай себептен стартер дизельдің иін білігі бұрылмайды немесе баяу бұрылады?

133. Е-303 өздігінен жүретін жаныштағыш-шөп шапқыш электр жеткізу желісі астында жұмыс істеу кезіндегі қозғалу түрлерін атаңыз?

134. Кіргізу және шығару клапандары үшін Е-281С жемшөп жинағыш комбайнының салқын дизелінде клапандардың стержень ұштары мен иіндердің бойектері арасындағы саңылаудың шамасы қандай?

135. РКС-6 өздігінен жүретін тамыр-түйнек жинағыш машинасының копирқопсытқыш жүрісінің ең көп тереңділігі қандай болуы тиіс?

136. Мотосағатпен есептегенде РКС-6 комбайнын № 2 техникалық байқаудан өткізу кезеңділігі қандай?

137. Е-281С жемшөп жинағыш комбайнын маусымдық техникалық байқау кезінде қандай іс-шаралар өткізіледі?

-
138. Масақтан немесе шашақгүлден дән неліктен толық бөлінеді?
139. Дестелегіш түсірілгенде электр беру желісінің астында жұмыс істеп тұрған Е-303 өздігінен жүретін жаныштағыш-шөп шапқыштың кабинасынан қандай аралықта шығуға болады?
140. Жұдырықшалы жалғастырғыштардың тығылу сәтін бақылауға мүмкіндік жасайтын қондырғылар болмағанда, серіппелерді орамдарының жанасуына дейін қысатын тарту болттарының гайкалары неше айналымға ағытылады?
141. РКС-6 өздігінен жүретін тамыр-түйнек жинағыш машинасының көршілес копир-қопсытқыштарының қалақшалар арасындағы аралық тамырлардың орташа диаметрінен қандай шамаға үлкен болу тиіс?
142. Мотосағатпен есептегенде РКС-6 өздігінен жүретін тамыр-түйнек жинағыш машинасын № 1 техникалық байқаудан өткізу кезеңділігі қандай?
143. СК-5 комбайнның дестелегіш тұрқының жоғары белдеуі мен көлбеу камераның тірегі арасындағы саңылау қандай болу тиіс?
144. «Енисей» комбайнының бастырғыш шнектері мен элеваторлары неліктен бітеліп қалады?
145. 8%-дан артық еңістікте көтеріліп тұрған дестелегішпен Е-303 өздігінен жүретін жаныштағыш-шөп шапқышқа өрге қандай берілісте қозғалуға болады?
146. СМД-18К қозғалтқышының теңестіру иінтірегінің болттар қалпағы мен ілінісу жалғастырғышы серіппелері қалпақшасы арасындағы саңылау қандай болуы тиіс?
147. РКС-6 өздігінен жүретін тамыр-түйнек жинағыш машинасының қазу айыр ұштықтарының жүріс тереңдігі қандай болуы тиіс?
148. Мотосағатпен есептегенде РКС-6 өздігінен жүретін тамыр-түйнек жинағыш машинасын № 2 техникалық байқаудан өткізу кезеңділігі қандай?
149. РКС-6 өздігінен жүретін тамыр-түйнек жинағыш машинасының жетекші оң дөңгелегінің шиналарында ауа қысымы қандай болу тиіс?
150. СК-5 комбайн дестелегішінің жоғары белдеуі мен көлбеу камераның тірегі арасындағы саңылау қандай болу тиіс?

151. 15 %- дан артық еңістікте көтеріліп тұрған дестелегішпен Е-303 өздігінен жүретін жаныштағыш шалғысына өрге қарай қандай берілісте қозғалуға болады?

152. Сабан сілкігіш, елек және тазалау неге бітеліп қалады?

153. СК-5 комбайнының тарту релесі неліктен стартерді қосады да, сол сәтте оны сөндіреді?

154. Мотосағатпен есептегенде СК-5 комбайнын № 1 техникалық байқаудан өткізу кезеңділігі қандай?

155. РКС-6 өздігінен жүретін тамыр-түйнек жинағыш машинасының жетекші сол дөңгелегінің шиналарында ауа қысымы қандай болу тиіс?

156. СК-5 комбайн дестелегішінің бастырғышқа қарағанда қисаюы немен реттеледі?

157. Ашық отпен (дәнекерлеу) жұмыс істегенде Е-303 өздігінен жүретін жаныштағыш шөп шақыштың жанармай бағын алған немесе оны азотпен, көмірқышқыл газымен, сумен толтырған жөн, бұл кезде жанармай бағына дейінгі дәнекерленетін бөліктер арасында арақашықтық қандай болу тиіс?

158. «Енисей» комбайнынан шөмелерді түсіру автоматтың жұдырықша дискі мен роликтің сыртқы беттері арасындағы саңылау қандай болу тиіс?

159. СК-5 комбайнының гидравликалық жүйесін қалай дұрыс айдауға болады?

160. Мотосағатпен есептегенде СК-5 комбайнын № 2 техникалық байқаудан өткізу кезеңділігі қандай?

161. Сабағы 80 см жоғары тік тұрған дақылдарды жинағанда мотайыр білігі пышақ белінің алдына қандай тік аралыққа шығуы тиіс?

162. СК-5 комбайнының жоғары білігі мен көлбеу камерасынан дестелегіштің қарсы жетегіне белдіктің жетекші тармағының майысуы қандай болу тиіс?

163. Электр жеткізу желісінен қандай қашықта Е-303 өздігінен жүретін жаныштағыш шалғының жөндеуін жүргізуге болмайды?

164. Мотосағатпен есептегенде РКС-6 өздігінен жүретін тамыр-түйнек жинағыш машинасының руль дөңгелегінің бос жүрісі қандай кезеңділікте тексеріледі және қажет болса реттеледі?

165. СМД-22А қозғалтқышында жанармай беруді бастаудан жоғарғы өлі нүктеге дейінгі озу бұрышы қандай болады?

166. СК-5 комбайны 180 мотосағат істегенде оны техникалық байқаудың қай түрінін өткізу керек?

167. Орташа және қысқа дақылдарды жинағанда мотоайыр білігі пышақ белінің алдында қандай қашықта орналасу тиіс?

168. 4,0 кгс күшпен басқанда СК-5 комбайнының бас контржетегінің белдікті берілісінің иілу қандай болуы тиіс?

169. Электролитті дайындау кезінде күйікке жол бермеу үшін нені неге құю керек?

170. РКС-6 өздігінен жүретін тамыр-түйнек жинағыш машинасының ілініс жалғастырғышының бұрмасының қысу иінтіректерімен қысу подшипниктері арасындағы саңылауды тексеру және қажетті жағдайда реттеу мотосағатпен есептегенде қандай кезеңділікте өткізіледі?

171. СМД-17КН қозғалтқышы иінді білігінің бір градус бұрылуы тегершіктің қандай ұзындығына сәйкес болады?

172. СК-5 комбайны 240 мотосағат істегенде техникалық байқаудың қандай түрінен өтуі қажет?

173. СК-5 комбайнының тырнауыш шеттері мен кесу аппаратының сақиналары арасында ең аз саңылау қандай болуы тиіс?

174. Қоршаған ауаның температурасы 10°C жоғары болғанда СК-5 комбайнының гидрожүйесінде майдың қай түрі қолданылады?

175. Комбайнды қандай құрылым түрі мен ұзындығында сүйретуге болады?

176. Клапандар мен иін арасындағы саңылаудың үлкейуі нені туындатады?

177. СК-5 комбайны гидрожүйесінің сақтандырғыш клапандары ашылудың қай қысымында реттейді?

